

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

БЕКІТЕМІН
Академиялық мәселелер вице-ректормы
Э.Қ. Идрисова
2025 ж.



**Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2024-2025 оқу жылы бойынша жылдық есебі**

Түркістан – 2025

**2024-2025 оқу жылында «Биологиялық және сабақтас ғылымдар»
даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жылдық есебі**

Биология ғылымы көптеген ғылымдардың негізі болып табылатындықтан экологиядан бастап медицинаға дейінгі кең ауқымды салалармен тығыз байланысты. Осы сабақтас ғылымдардың арқасында биология жетістіктері күнделікті өмірде, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаны қорғауда кеңінен қолданылып биология салалары бойынша меңгерген теориялық білім әлеуетін кәсіби қызметінде қолдана білетін, сыни тұрғыда ойлайтын, коммуникативтік, жобалық дағдыларын зерттеушілік қызметте тиімді жүзеге асыру дағдылары қалыптасқан, бәсекеге қабілетті ЖОО-да ғылыми қызметкер, лаборант, инженер, ғылыми-зерттеу институттарында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларда, ерекше қорғалатын табиғи кешендерде, жас натуралистер станциясында, селекциялық және обаға қарсы станцияларда, табиғат мұражайларында, ғылыми-өндірістік, жобалық, геоботаникалық мекемелерде техник, аға техник; экологиялық қызмет және ұйымдарында, мемлекеттік басқару ұйымдарында, әкімшілікте маман және т.б сала мекемелерінде В05146-Биология ББ түлегі жаратылыстану бакалаврын даярлауды қарастырса, 6В05169-Биотехнология ББ мақсаты сала бойынша теориялық және практикалық білімдерін кәсіби қызметінде қолдана білетін, жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыра алатын бәсекеге қабілетті жаңа форматтағы мамандарды даярлауды көздеп, ЖОО-да маман және лаборант, инженер, ғылыми-зерттеу орталықтарында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларында маман, биотехнология өндіріс орындларының инженерлері, соның ішінде өнім бойынша техник-микробиолог, инженер-технолог, жобалық, азық-түлік, ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісінде кәсіби дағдыларын жүзеге асырады.

Бакалавриат бағдарламаларын меңгерген түлектердің кәсіби қызметінің объектілері биология саласында, ұйымның әр түрлі деңгейдегі биологиялық жүйелерде, табиғатты қорғау ұйымдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, заманауи әдістерін қолдану, құрал-жабдықтармен жұмыс жасау қызметтерін көрсетуді қамтиды.

Академиялық комитет мүшелері университет сайтындағы (<https://ayu.edu.kz/akademijaly-kommitetter>) Академиялық комитет ережесі, ББ әзірлеу және жаңарту ережесі, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларымен, сондай-ақ білім беру

бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 236 бұйрығымен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмімен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықпен танысып, осы құжаттар негізінде жұмыстар атқарылды.

6B05146-Биология ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделуі қарастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығына қосымша «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі» ережесі негізге алына отырып, оператор ЖЖОКБҰ өтінімін растап, ексеру рәсімі автоматтандырылған түрде жүзеге асырылды. Қажет болған жағдайда, дұрыс толтырылмаған өтінімді ЖЖОКБҰ себептерін көрсете отырып, пысықтау үшін қайтарады. «ББ тізілімі» АЖ-да деректердің дұрыс толтырылуын тексеруден өткеннен кейін білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау мақсатында ББ паспортына сараптама жүргізілді.

ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің 2023 ж 17 наурыздағы № 125 бұйрығына сай жоғарыда аталған БББ-лар бойынша жұмыс берушілермен сұхбаттасу, БББ-ның негізгі оқу жоспарындағы кәсіби практикалардың мазмұнын, игерілетін оқыту нәтижелеріне сай практиканың оқыту нәтижелерін құрастырушылардың, практика жетекшілерінің жүргізіп жатқанын мәлімдеді. Осымен бірге, практиканың оқыту нәтижесінің өзгеріске ұшырауына байланысты практиканттардың практика барысында орындайтын жұмыстардың тізбесін құрастыруда жұмыс берушілердің ұсыныс-пікірлері де ескеріліп, жетекшілер тарапынан қайта қарастырылды.

2024-2025 оқу жылына ББ жаңартуға негізгі оқу жоспарының университеттің (таңдау) компонентінің құрамына жасанды интеллект негіздері, қаржылық сауаттылық, экология және өмір қауіпсіздігі, инклюзивті білім беру пәндері енгізіліп, Жоғары білімнің бірыңғай платформасында мақұлданды. Осыған орай, ғылыми бағыттағы ББ-на қатысты мәліметтерді нақтылау үшін кафедра деңгейінде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мәжілісте талқыланды.

Аталған пәндердің білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспарына енгізілуіне байланысты жауапты кафедралар жаңа оқу жылына арналған силлабус, дәрістер мен практикалық (лабораториялық) сабақтар жинақтары,

БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, емтихан сұрақтары т.б. дайындап, алдын-ала жіберіп, таныстырады.

В050-Биологиялық және сабақтас ғылымдар тобына жататын, 6В05146-Биология білім беру бағдарламасы бойынша міндетті және элективті пәндер тізімі жасалды, білім алушы түлектің атрибуттары (коммуникациялық, көшбасшылық, зерттеу, сыни ойлау), рейтинг нәтижесі алынып, 2020-2023 оқу жылдарындағы нәтижелерімен салыстырып, талданды. Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері сараланды. Білім беру бағдарламасының жетістіктері, кемшіліктері, мүмкіндіктері, қауіптері анықталды. Нәтижесінде ББ жақсарту ұсыныстары белгіленді:

- барлық деңгейдегі білім беру үдерісін әдістемелік, материалдық қамтамасыз ету көлемі мен сапасын арттыру;
- университет кітапханасы қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа оқулықтар сатып алуға ұсыныс жасау.
- кафедраның аудиториялық қорын кеңейту, қазіргі заманғы оқу-зертханалық базаны қалыптастыру бойынша іс-шараларды өткізу
- білім алушыларды зерттеу жобаларымен жұмысқа тарту.

2024-2025 оқу жылындағы 6В051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытындағы 6В05146-Биология, 6В05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары бойынша ББ іске асыру үшін университеттің келесі мүмкіндіктерін талдады.

- құзыреттілікке негізделген білім беру бағдарламасының талаптарына сай білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуға білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету көлемі мен сапасын арттыру;
- университет кітапханасы қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа оқулықтар сатып алуға ұсыныс жасау;
- кафедраның аудиториялық қорын кеңейту, қазіргі заманғы оқу-зертханалық базаны қалыптастыру бойынша іс-шараларды өткізу;
- білім алушыларды зерттеу жобаларымен жұмысқа тарту.

2024-2025 оқу жылындағы 6В051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытындағы 6В05146-Биология, 6В05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары бойынша негізгі оқу жоспарда қарастырылған модульде қазіргі заманның өзгермелі жағдайында қоғамның (өңірдің) өзекті мәселелерінің шешімін табуды білімі мен білігін қолданып жүзеге асыратын

мамандарды дайындауды жүзеге асыру мақсатында білімгерлердің барлық дереккөздерді, атап айтқанда оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, мерзімдік басылымдармен жұмыс жасау, ғылыми жұмыстар/жобалар нәтижелеріне талдау қабілеттерін дамыту үшін барлық ресурстарды қолжетімді ету қажет.

Университет кітапханасы 2023-2024 оқу жылында биология, биотехнология салалар бойынша бірқатар оқулықтармен жаңартылған, әйтсе де электрондық база қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету өте өзекті мәселелердің бірі.

6B051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытындағы 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыру ағымдық мерзімдегі барлық белгілі тәсілдермен жүргізілген кәсіби бағдар жұмыстарының нәтижесіне де байланысты болатыны анық. Сондықтан, 2024-2025 оқу жылындағы академиялық топтардағы білім алушылардың негізгі оқу жоспарындағы модульдер бойынша тіркелген пәндеріне, сабақ типтеріне катысты топтар жасақталды.

Қорыта айтқанда, «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар жоспар бойынша көрсетілген мерзімде атқарылды, оқу процессіне қажетті құжаттармен, атап айтқанда БББ-ның құрылымы, пәндердің модульдеріне жұмыс берушілердің сараптамалық тұжырымдары, пікірлері, сауалнамалары түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелеріне қолайлы әсер етеді деп есептеледі.

«Биологиялық және сабақтас ғылымдар»

даярлау бағыты Академиялық комитет төрағасы



Қ.Т. Абдраимова

Академиялық комитет хатшысы



Г.О. Абишова